Конкурстық құжаттамаға
16-қосымша

Сатып алынатың қызметтердің Техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы "Қоңыратбек Құрманбаев атындағы Ақмола облыстық фтизиопульмонология орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Ұйымдастырушының атауы:	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы "Қоңыратбек Құрманбаев атындағы Ақмола облыстық фтизиопульмонология орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Конкурстың №:	№ 18024682-1
Конкурстың атауы:	Қашықтан қол жеткізудегі бағдарламалық өнімдерді пайдалану жөніндегі қызметтер (КМИС). (2027 жылға арналған техникалық сипаттамаға сәйкес)
Лоттың нөмірі:	№ 88359615-ОК1
Лоттың атауы	Бағдарламалық өнімді пайдалану қызметі
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	620920.000.000014
Қызметтің атауы:	Бағдарламалық өнімді пайдалану қызметі
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	4252080
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	4252080
Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:	
Қызмет көрсету мерзімі	01.01.2027 жылдан бастап 31.12.2027 жылға дейін

Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы	Медициналық цифрлық жүйенің мүмкіндіктерінің сипаттамасы: стационар, оның ішінде консультациялық қабылдаулар және пациенттерді диспансерлік есепке қою 1. Терминдер мен анықтамалар Медициналық цифрлық жүйе (МЦЖ), Жүйе – денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе; Жүйенің меншік иесі – заңның немесе тиісті шарттың негізінде цифрлық объектіге (бағдарламалық қамтылымға/өнімдерге) айрықша және (немесе) айрықша емес авторлық құқықтары бар тұлға. Жүйеге иелік ету құқықтарын Тапсырыс берушіге Жүйеге қатысты айрықша құқықтарға ие Өнім беруші беруге тиіс; Жүйенің иесі – Жүйенің меншік иесімен жасалған шарттың (келісімнің) негізінде цифрлық объектіні иеленуге және пайдалануға айрықша емес құқықтары бар цифрлық денсаулық сақтау субъектісі; Цифрлық ресурс (ЦР) – реттелген цифрлық деректердің, цифрлық жазбалардың және оларды жасауға, сақтауға, өңдеуге, көрсетуге және таратуға арналған бағдарламалық қамтылымның жиынтығы; Цифрлық ресурстардың меншік иесі – қолжетімділігі шектеулі цифрлық ресурстарды, оның ішінде құпия және жеке тұлғаның денсаулығы мен оған көрсетілген медициналық қызметтер туралы мәліметтерді қамтитын ресурстарды жасайтын, жинақтайтын және қалыптастыратын цифрлық денсаулық сақтау субъектісі; Цифрлық инфрақұрылым объектісі – цифрлық объектілерді орналастыруды және олардың жұмыс істеу ортасын қамтамасыз ететін материалдық, техникалық және технологиялық құралдардың жиынтығы; Цифрлық жүйе (ЦЖ) – цифрлық деректерді жасауды, жинауды, өңдеуді, сақтауды және таратуды қамтамасыз ету үшін цифрлық инфрақұрылым объектілерін пайдаланатын, сондай-ақ цифрлық орта субъектілерінің өзара іс-қимылын автоматтандыратын және (немесе) цифрлық ортада қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін өзара функционалдық байланысқан цифрлық ресурстар кешені; Ұлттық электрондық денсаулық паспорты – денсаулықтың электрондық паспорттарын қамтитын, уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жеке тұлғаға да, денсаулық сақтау қызметкерлеріне де қолжетімді уәкілетті органның цифрлық ресурсы; Электрондық медициналық жазба – медициналық көмек көрсетудің нақты жағдайына қатысты құрылымдалған дербес медициналық деректер жиынтығы; Дербес деректерді қамтитын база (бұдан әрі – база) – реттелген дербес деректер жиынтығы; Дербес деректерді қамтитын базаның меншік иесі (бұдан әрі – меншік иесі) – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дербес деректерді қамтитын базаны иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын іске асыратын мемлекеттік орган, жеке және (немесе) заңды тұлға; Дербес медициналық деректер (ДМД) – электрондық, қағаз немесе өзге материалдық жеткізгіштерде тіркелген, жеке тұлғаның денсаулығы және оған көрсетілген медициналық қызметтер туралы мәліметтерді қамтитын дербес деректер; Цифрлық денсаулық сақтау объектісі – денсаулық сақтаудың цифрлық ресурстары, бағдарламалық қамтылымы, мобильді денсаулық сақтау технологиялары, ақпараттық және коммуникациялық инфрақұрылымы; Денсаулық сақтау субъектілері – денсаулық

	сақтау ұйымдары, сондай-ақ жекеше медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар; Цифрлық денсаулық сақтау субъектісі – цифрлық денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын немесе қоғамдық қатынастарға түсетін жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар; Объектілік сәйкестендіргіш – цифрлық жүйе объектісімен байланыстырылған және оны объектілердің әлемдік мекенжай кеңістігінде бірмәнді сәйкестендіретін бірегей цифрлар жиынтығы; Цифрлық объект – цифрлық технологиялар арқылы жасалатын, пайдаланылатын немесе берілетін, бірегей цифрлық сипаттамалары бар және цифрлық орта субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлемде иелену, пайдалану немесе билік ету құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін цифрлық ортаның оқшауланған элементі. Пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін цифрлық объектілерді заңды негізде пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға; Бағдарламалық қамтылым (БҚ) – бағдарламалардың, бағдарламалық кодтардың, сондай-ақ оларды пайдалануға қажетті техникалық құжаттамасы бар бағдарламалық өнімдердің жиынтығы. Smart-алгоритм – нақты процесте автоматтандырылған шешім қабылдау немесе ұсынымдар қалыптастыру үшін деректерді, қағидаларды, машиналық талдау және динамикалық бейімдеу әдістерін ұштастыра пайдаланатын алгоритм. ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба, электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен құралдары арқылы жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермегенін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы). Цифрлық объект – цифрлық технологиялар арқылы жасалатын, пайдаланылатын немесе берілетін, бірегей цифрлық сипаттамалары бар және цифрлық орта субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлемде иелену, пайдалану немесе билік ету құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін цифрлық ортаның оқшауланған элементі. Цифрлық бейне (сәйкестендіруші цифрлық жазбалар) – денсаулық сақтау субъектісінің цифрлық ортада цифрлық нысанда тіркелген бірегей сәйкестендіру сипаттамаларын білдіретін оқшауланған цифрлық объект. 2. Жүйені пайдалану кезінде тараптардың құқықтары мен міндеттері 2.1. Өнім беруші цифрлық инфрақұрылым объектісінің меншік иесі ретінде өзіне тиесілі цифрлық инфрақұрылым объектілерінде орналастырылған цифрлық ресурстарды ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес қорғауды қамтамасыз етеді. 2.2. МЦЖ функцияларын іске асыру кезінде Өнім беруші «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 57-бабының 2) тармақшасына сәйкес цифрлық денсаулық сақтаудың негізгі қағидатын басшылыққа алады. Ол саясат пен стратегияны іске асыру құралы және уәкілетті орган айқындайтын әдіснаманың негізі болып табылатын стандарттардың үстемдігін сақтайды. 2.3. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы техникалық ерекшелікте көзделген көлемде оның ЦР-ын қалыптастыру, сақтау және өңдеу үшін деректерді жинауға арналған МЦЖ функцияларын ұсынады. Тапсырыс беруші дербес медициналық деректерді Қазақстан

	Республикасының НҚА талаптарына, оның ішінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңның 14-бабының талаптарына сай мақсаттарда жинауға, өңдеуге және сақтауға кепілдік береді, сондай-ақ деректердің, оның ішінде цифрлық денсаулық сақтаудың басқа субъектілерімен ақпарат алмасу кезіндегі деректердің анықтығына жауап береді. 2.4. Тапсырыс берушінің Жүйеге қол жеткізуі Жүйеде оның цифрлық бейнесін жасау және Тапсырыс беруші айқындаған жауапты қызметкердің (қызметкерлердің) электрондық цифрлық қолтаңбасын қолдана отырып, пайдаланушылардың есептік жазбаларын жасау, бұғаттау және жою, сондай-ақ рөлдер мен қол жеткізу құқықтарын беру функцияларын ұсыну арқылы қамтамасыз етіледі. 2.4.1. Өнім беруші цифрлық бейнені Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 44-бабының талаптарына сәйкес ҚР ДСМ-нің «Ресурстарды басқару жүйесі» цифрлық жүйесінде міндетті түрде тіркелген жағдайда жасайды. 2.4.2. Өнім беруші цифрлық бейнені жасауды, Жүйе функцияларын іске қосуды және осы техникалық ерекшеліктің «Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері» бөлімінде көрсетілген мемлекеттік цифрлық жүйелермен барлық қажетті интеграцияларды қосуды Тапсырыс берушінің ҚР ДСМ-нің «Ресурстарды басқару жүйесі» цифрлық жүйесінде тіркелгені туралы Өнім берушіге хабарланған және Тапсырыс берушіні Жүйеде сәйкестендіруге мүмкіндік беретін цифрлық бейнені жасау туралы осы Шартқа қосымша келісім жасалған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. 2.5. Тапсырыс берушінің қызметкерлері Жүйені пайдалану кезінде жасаған ЦР Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады. Өнім беруші Тапсырыс берушінің ЦР-ын өз серверлік ресурстарында сақтауды және «Киберқауіпсіздік туралы» және «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңдардың талаптарына сәйкес қорғауды қамтамасыз етеді. Өнім беруші Тапсырыс берушінің ЦР-ын осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бір күнтізбелік жыл бойы өзінің цифрлық инфрақұрылым объектісінде сақтауға кепілдік береді. 2.6. Технологиялық мүмкіндік болған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексіне және «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес ДМД-ны жинау, өңдеу, сақтау, беру және оларға қол жеткізу талаптарын орындауға арналған МЦЖ тетіктерін ұсынады. Жүйені пайдаланушы (Тапсырыс берушінің қызметкері) осы талаптардың, оның ішінде пациенттің дербес медициналық деректерін жинауға, өңдеуге және сақтауға хабардар етілген келісімін алу және медицина қызметкерінің құпиясын сақтау талаптарының орындалуына дербес жауапты. 2.6.1. Орындаушы Тапсырыс берушіні хабардар ете отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес деректерді және өзге де құпия ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және беру үшін құқықтық және технологиялық шарттарды біржақты тәртіппен енгізуге құқылы. 2.7. Өнім беруші МЦЖ-да осы техникалық ерекшеліктің «Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері» бөлімінде көрсетілген сыртқы ЦЖ-лармен интеграция тетіктерінің болуын қамтамасыз

	етеді. Сыртқы ЦЖ-да интеграциялық өзара іс-қимыл сервисін іске асыратын оның иесінің, яғни үшінші тараптың уақтылы немесе дұрыс жасамаған әрекеттерінен (немесе әрекетсіздігінен) туындаған интеграциялық өзара іс-қимылдың кешігіп немесе дұрыс іске асырылмауына, сондай-ақ сыртқы ЦЖ-ның дұрыс жұмыс істемеуінен туындаған интеграциялық өзара іс-қимылдың болмауына немесе дұрыс жүргізілмеуіне сыртқы ЦЖ-ның меншік иесі немесе иесі ретінде үшінші тарап жауапты. 2.7.1. Сыртқы ЦЖ-лармен интеграция тетігі шеңберінде дербес деректерді (құпия деректерді) беру көзделсе, Тапсырыс беруші жеке келісіммен «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңның талаптарын орындау жөніндегі міндеттемелерді өзіне алады және интеграциялық өзара іс-қимыл шеңберінде берілетін, өз міндеттерін орындау үшін қажетті әрі жеткілікті дербес деректердің (құпия деректердің) тізбесін айқындайды. 2.8. Өнім беруші Тапсырыс беруші айқындаған жауапты қызметкердің (қызметкерлердің) ЭЦҚ-сымен тиісті әрекеттерге қол қою арқылы МЦЖ пайдаланушыларының есептік жазбаларын жасау, бұғаттау және жою, оларға рөлдер мен қол жеткізу құқықтарын беру функцияларын ұсынады. Тапсырыс беруші осы тармақта аталған функцияларға жауапты қызметкерлердің тізбесін Өнім берушіге ресми хатпен уақтылы хабарлауға, сондай-ақ өзі айқындаған тұлғалардың МЦЖ-дағы есептік жазбаларды жасау, бұғаттау және жою, оларға рөлдер мен қол жеткізу құқықтарын беру және МЦЖ пайдаланушылары құқықтарының жиынтығын өзгерту әрекеттеріне жауап береді. 2.9. Тапсырыс беруші осы ерекшеліктің «Жүйе пайдаланушыларын оқыту және қолдау» бөлімінің талаптарына сәйкес өз қызметкерлерінің өтінімдері бойынша Өнім берушінің қызметкерлері техникалық және талдамалық қолдау көрсете алуы үшін Өнім берушіге Жүйе функциялары мен Тапсырыс берушінің ЦР-ына қол жеткізуге арналған қызметтік есептік жазбаларды пайдалануға рұқсат береді. Өнім беруші өз қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде алған деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етуге міндеттенеді. 2.10. Тапсырыс беруші қызметкерлерінің жұмыс уақытын оңтайландыру және қайталанатын операцияларды жою мақсатында Жүйе мына функцияларды автоматты түрде орындауға тиіс: 2.10.1. қабылдауға жазылуды растау; 2.10.2. «Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері» бөлімінің талаптарында көзделген, уәкілетті органдардың цифрлық ресурстарын қалыптастыруға арналған деректерді Тапсырыс берушінің қызметкерлері оның цифрлық ресурсында тіркеуді аяқтағаннан кейін жіберу; 2.10.3. «Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері» бөлімінің талаптарына сәйкес тиісті сервис арқылы медициналық көмек көрсету жоспарланған пациенттердің деректерін және медициналық көмек көрсету кезіндегі деректерді өзектендірудің smart-тетігін қолдану. 3. Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері 3.1. Тапсырыс беруші Өнім берушіге осы бөлімде аталған ЦЖ-лармен интеграция аясында Тапсырыс берушінің ЦР-ы мен сыртқы ЦЖ-лардың ЦР-ы арасында ақпарат алмасу тетіктерінің жұмысын қамтамасыз етуге өкілеттік береді. Тапсырыс беруші өз ұйымының денсаулық сақтау субъектісі

	екеніне және аталған ақпарат алмасуға қатысу құқығы бар екеніне кепілдік береді. 3.1.1. Осы бөлімде аталған интеграция құралдарының тізбесіндегі және (немесе) құрылымындағы өзгерістер Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасындағы қосымша келісімдермен реттеледі; 3.1.2. Жаңа сыртқы жүйелер мен ақпарат алмасу тетіктерін қосу технологиялық мүмкіндік болған жағдайда Тапсырыс берушінің ресми өтініші негізінде, тараптардың келісімі бойынша, осы Шартқа қосымша келісімдер шеңберінде жүзеге асырылады. 3.1.3. Тапсырыс беруші деректерді алу үшін денсаулық сақтау субъектісінің атынан жүгіну талап етілетін жағдайларда, Өнім берушіге «Дербес деректерге қол жеткізуді бақылау» (ДҚБ) сервисі арқылы уәкілетті органның ЦЖ-сына Тапсырыс берушінің атынан сұрау салуға өкілеттік береді. Жүйе Тапсырыс берушіге баптау арқылы мұндай сұрауларға рұқсат беруге немесе тыйым салуға, сондай-ақ осы баптаудың өзгерістерін пайдаланушылар әрекеттерінің журналына тіркеуге мүмкіндік беруге тиіс. Тапсырыс берушінің атынан сұрау Жүйе пайдаланушысы нақты жеке тұлғаға қатысты тікелей әрекет жасаған кезде ғана жіберіледі. Пайдаланушының әрекетінсіз деректер автоматты түрде жаңартылмайды. 3.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің медициналық қызмет бейініне сәйкес медициналық қызметтер (көмек) көрсетуге байланысты клиникалық және әкімшілік деректерді жинау мен өңдеу құралдарының МЦЖ-да жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. 3.3. Өнім беруші медициналық көмек көрсету барысында туындайтын клиникалық және әкімшілік деректерді, оның ішінде медициналық оқиғалар туралы деректер мен Тапсырыс беруші қызметкерлерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжаттарды беру үшін Тапсырыс берушінің ЦР-ы мен уәкілетті органның ЦР-ы арасында ақпарат алмасу тетіктерінің МЦЖ-да жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Уәкілетті органның ЦЖ-сы деректерді қабылдауға дайын болса, олар үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі. 3.4. Жүйе Тапсырыс берушінің ЦР-ы мен ҚР ДСМ ЦЖ-лары арасында мынадай ақпарат алмасу мүмкіндігін қамтамасыз етеді: Бекітілген халық тіркелімі (БХТ): ● ЖСН бойынша БХТ-дан жеке тұлғаның демографиялық деректерін, әлеуметтік мәртебесін және бекітілуі туралы деректерді алу; ● туу туралы куәлік алынғанға дейін жаңа туған нәрестенің сәйкестендіргішін анасының деректері бойынша БХТ-дан алу; ● вакцинациялауға медициналық қарсы көрсетілімдер туралы ақпаратты жіберу; Ресурстарды басқару жүйесі (РБЖ): ● РБЖ-дан медициналық ұйымдар, функционалдық құрылым (бөлімшелер, кабинеттер) және қызметкерлер лауазымдарының тізбелері туралы деректерді алу; ● РБЖ-дан анықтамалықтар мен жіктеуіштер деректерін алу; Емдеуге жатқызу бюросы (ЕЖБ): ● емдеуге жатқызу, одан бас тарту, емдеуге жатқызу жолдамалары және стационар жоспарлаған жатқызу күні туралы деректерді ЕЖБ порталынан оның тиісті нысандарының форматында алу; ● емдеуге жатқызу, одан бас тарту, емдеуге жатқызу жолдамалары және стационар жоспарлаған жатқызу күні туралы деректерді ЕЖБ порталына беру; ● емдеуге жатқызу жолдамасы, шұғыл

	емдеуге жатқызу фактісі және емдеуге жатқызудан бас тарту бойынша қаржыландыру көзін ЕЖБ-дан алу; Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі (СНЭТ): ● стационардан шыққан пациенттер туралы деректерді стационардан шыққан науқастың статистикалық картасы мен шығару эпикризінің деректер форматына сәйкес СНЭТ-тен алу; ● стационардан шыққан пациенттер туралы деректерді стационардан шыққан науқастың статистикалық картасы мен шығару эпикризінің нысаны бойынша СНЭТ-ке беру; Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі (ДНЭТ): ● ДНЭТ-ке пациентті диспансерлік есепке қою және есептен шығару туралы мәліметтерді жіберу; ● ДНЭТ-тен пациентті диспансерлік есепке қою және есептен шығару туралы мәліметтерді алу; ● ДНЭТ-ке клиникалық диагнозды нақтылау туралы мәліметтерді жіберу; ● ДНЭТ-ке ауруларды басқару бағдарламасының (АББ) белгісін, АББ бақылау картасын, «Артериялық гипертензия», «Қант диабеті», «Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі» деген үш нозология бойынша консультациялар мен зертханалық зерттеулер нәтижелері туралы мәліметтерді жіберу. ● ДНЭТ-ке онкологиялық пациенттердің клиникалық тобы туралы мәліметтерді, сондай-ақ хабархаттарды (034/у) және мультидисциплинарлық топтың қорытындысын жіберу Бірыңғай төлем жүйесінің «Амбулаториялық-емханалық көмекке ақы төлеу жүйесі» модулі (АЕК БТЖ): ● АЕК БТЖ-дан медициналық қызметке жолдама алу; ● АЕК БТЖ-дан медициналық қызметке жолдама үшін және жолдамасыз көрсетілетін қызметтер үшін қаржыландыру көзін алу; ● АЕК БТЖ-ға медициналық қызметке жолдаманы беру; ● АЕК БТЖ-ға қызмет көрсету фактісі туралы мәліметтерді беру. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 «Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызметтерді кейіннен электрондық форматта көрсетуге арналған амбулаториялық деңгейдегі қызметтердің электрондық тіркелімі (АЕК): ● электрондық үкімет порталы арқылы сұратылған күні қабылдау жүргізетін дәрігерлердің, қызметтердің және қабылдауға жазылу үшін бос уақыт аралықтарының тізбесін АЕК-ке ұсыну; ● АЕК-тен электрондық үкімет порталы арқылы қабылдауға жазылу туралы мәліметтерді алу; ● электрондық үкімет порталы үшін қабылдауға жазылуды растауды немесе одан бас тартуды АЕК-ке жіберу. БХТ-ның «Вакцинация» ЦЖ модулі ● пациенттің ЖСН-і бойынша вакцинациялау кезеңдерінен сәтті өтуі және туберкулин сынамаларының жүргізілуі туралы ақпарат алу; ● жеке тұлғаға жүргізілген вакцинация түрлері мен туберкулин сынамалары туралы деректерді жіберу; ● вакцинация салдарынан болған инфекциялық ауру туралы шұғыл хабархаттарды жіберу ● жүргізілген вакцинациядан кейінгі қолайсыз көріністер (НППИ) туралы ақпаратты жіберу ● медициналық қарсы көрсетілімдер туралы мәліметтерді жіберу. Клиникалық деректер алмасуға арналған электрондық құжаттар қоймасы: ● АЕК БТЖ-дан алынған жолдама бойынша көрсетілген қызметтің нәтижесін файл түрінде беру және алу. Зертханалық зерттеулердің нәтижелерін параметрлер түрінде беру арқылы алмасуға

	арналған бірыңғай интеграциялық портал; «Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету» ЦЖ: ● амбулаториялық жағдайда тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға және мамандандырылған емдік өнімдерге жасалған рецептіні беру ● қалыптастырылған рецептінің нөмірін алу ● рецептінің қамтамасыз етілу мәртебесін алу ● пациентке жазылған рецептілердің тізімін алу; «Жеке медициналық кітапшалар» ЦЖ: ● жұмысқа жіберу туралы жеке медициналық (санитариялық) кітапшаны беру; ● жеке медициналық кітапшаның сериялық нөмірін алу. ҚР ДСМ НҚА-сына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету шеңберіндегі «Амбулаториялық-емханалық көмек» ЦЖ-ның жолдамалар банкі: ● «Мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеу және (немесе) қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау» мемлекеттік қызметі шеңберінде «Медициналық-әлеуметтік сараптамаға қорытынды» 031/у нысаны көлемінде деректер беру, сондай-ақ хабархат алу; ● «Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметін көрсету шеңберінде «Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы медициналық анықтама» 073/у нысаны көлемінде деректер беру; ● «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту» мемлекеттік қызметін көрсету шеңберінде «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіптік-консультациялық қорытынды)» 075/у нысаны көлемінде деректер беру; ● «Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру» мемлекеттік қызметін көрсету шеңберінде еңбекке уақытша жарамсыздық парағы көлемінде деректер беру; ● «Еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасын беру» мемлекеттік қызметін көрсету шеңберінде «Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама» 038/у нысаны көлемінде деректер беру; ● «Санаторийлік-курорттық емделуге мұқтаждық туралы қорытынды беру» мемлекеттік қызметі шеңберінде «Санаторийлік-курорттық карта» 069/у нысаны көлемінде деректер беру; ● «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы» 026/у нысаны көлемінде, оның ішінде «Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік қызметін көрсету шеңберінде деректер беру Пациенттің қабылдауға келгенін растау жөніндегі ҚР ДСМ ЦЖ: ● ҚР ДСМ ЦЖ деңгейінде пациентті цифрлық құжат бойынша сәйкестендіру үшін растау кодын жіберу және жіберілген кодтың расталуын алу; ● ҚР ДСМ ЦЖ деңгейінде пациентті цифрлық құжат бойынша сәйкестендіру үшін медицина қызметкерінің жұмыс орнындағы веб-камерадан пациенттің цифрлық бейнесін жіберу және жіберілген бейненің расталуын алу; ● «Код алынған жоқ» белгісін жіберу және ҚР ДСМ ЦЖ-дан белгінің қабылданғаны туралы растау алу; ● пациент қосымшасынан келуді растау белгісін жіберу және ҚР ДСМ ЦЖ-дан белгінің қабылданғаны туралы растау алу. 3.5. Жүйе дербес деректерді жинауға және беруге келісім алу үшін «Электрондық үкімет» ЦЖ-мен, атап айтқанда «Дербес деректерге қол жеткізуді бақылау» сервисімен өзара іс-қимыл мүмкіндігін қамтамасыз етеді, оның ішінде: ● «Мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеу және (немесе) қажетті әлеуметтік қорғау шараларын

	айқындау» мемлекеттік қызметін көрсету шеңберінде; ● биометриялық аутентификация жүргізу үшін Жүйе пайдаланушысының эталондық фотосуретін бейнелердің ұлттық эталондық базасынан алу мақсатында. ДҚБ сервисін пайдалану жағдайларының тізбесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Жүйе функцияларының дамуына сәйкес кеңейтілуі мүмкін. 3.6. Жүйе ұялы телефон нөмірінің Мобильді азаматтар базасында тіркелгені туралы ақпарат алу үшін «Электрондық үкімет» ЦЖ-мен, оның ішінде «Мобильді үкімет» ақпараттық жүйесінің «Мобильді азаматтар базасы» құрамдас бөлігімен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. 3.7. Жүйе пациенттің сақтандырылу мәртебесін алу үшін «ӘМСҚ» КЕАҚ-ның Saqtandyrý ЦЖ-сымен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. 3.8. Жүйе «ӘМСҚ» КЕАҚ-ның Qalqan ЦЖ-сымен мынадай өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді: ● көрсетілген қызметтер туралы мәліметтерді жолдамамен (бар болса) байланыстырып беру ● тәулік бойғы стационарда емделген жағдай туралы мәліметтерді беру; ● стационарды алмастыратын технологиялар қолданылып емделген жағдай туралы мәліметтерді беру; ● емдеуге жатқызудан бас тарту туралы мәліметтерді беру. 3.9. Жүйе дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға күдік тудырған жағымсыз реакциялар туралы ақпаратты хабарлама карталары форматында жіберу үшін ДЗСҰО-ның «Сараптама» ЦЖ-сымен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді; 3.10. Жүйе инфекциялық аурулар бойынша қалыптастырылған шұғыл хабархаттар туралы ақпаратты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға инфекциялық ауру жағдайлары туралы ақпарат ұсынудың бекітілген қағидаларына сәйкес белгіленген форматта алмасу үшін ҚР ДСМ-нің «Эпидемиолог» ЦЖ-сымен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. 3.11. Жүйе дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар туралы ақпаратты Дәрілік заттардың мемлекеттік тізілімінен алу үшін ҚР ДСМ-нің ДЗ және ММБ бірыңғай жіктеуішімен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. 3.12. Тапсырыс берушінің ресми өтініші бойынша Өнім беруші онымен қосымша келісім шеңберінде емдеу-диагностикалық процестің үздіксіздігін қамтамасыз етуге қажетті ақпаратты алмасу үшін меншік иесі немесе иесі Тапсырыс беруші болып табылатын басқа ЦЖ-лармен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ол үшін тиісті технологиялық мүмкіндік болуы және Тапсырыс берушінің ЦЖ-лары цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарға сәйкес келуі қажет. Өзара іс-қимыл мына сервистер көлемінде жүзеге асырылады: 3.12.1. Жедел медициналық жәрдемнің диспетчерлік ақпараттық жүйелері бойынша: ● жедел медициналық жәрдем қызметінің активтерін автоматты түрде қабылдау; ● пациент қабылдау бөлімшесіне жеткізілген кезде жедел медициналық жәрдем карталары көлемінде ақпарат алу және жеткізілген пациентті емдеуге жатқызудан бас тарту немесе оның стационардан шығарылуы туралы мәліметтерді беру. 3.12.2. Зертханалық цифрлық жүйелер бойынша: ● зертханалық зерттеулерге

	жолдамаларды зертханалық цифрлық жүйелерге (ЗЦЖ) беру; ● зертханалық талдаулардың нәтижелерін ЗЦЖ-дан алу. Алынған нәтижелерді зерттеу параметрлері бойынша талдау, өзгерістер динамикасын бақылау және есептілік жасау үшін пайдалану шарты – зерттеу нәтижесін орындаушының ЗЦЖ-сында қалыптастыру кезінде Жүйенің зертханалық зерттеулер параметрлері жіктеуішін қолдану. 3.12.3. Тапсырыс берушінің есепке алу жүйесі бойынша: ● дәрілік заттардың сәйкестендіргішін (кодын), атауын және санын көрсете отырып, олардың жұмсалғаны туралы ақпаратты Тапсырыс берушінің есепке алу жүйесіне беру; ● дәрілік заттардың қоймаға келіп түсуі және бір қоймадан екінші қоймаға ауыстырылуы туралы ақпаратты Тапсырыс берушінің есепке алу жүйесінен алу; ● ақылы қабылдауларға жазылу, қызметтер және операциялар туралы ақпаратты Тапсырыс берушінің есепке алу жүйесіне беру; ● көрсетілген қызметтің ақысы төленгені туралы деректі Тапсырыс берушінің есепке алу жүйесінен алу. 3.12.4. Фискалдық деректер операторының ЦЖ (webkassa) бойынша фискалдық чек пен кассалық есептерді алу үшін онлайн-касса сервисі арқылы фискалдық деректер операторының серверіне деректер беру. 3.12.5. Электрокардиографиялық зерттеулердің ақпараттық жүйелері ● ЭКГ қызметіне жолдама туралы ақпаратты беру; ● көрсетілген ЭКГ қызметінің нәтижесін алу. 3.12.6. Тасымалданатын медициналық құрылғылардың ақпараттық жүйелері: ● жолдамасыз жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін алу; ● алынған нәтижелерді пациентті қабылдау шеңберінде пайдалану. 3.12.7. PACS, диагностикалық жабдықтың және (немесе) пациенттің жай-күйін дербес мониторингтеу аспаптарының деректерді цифрлық форматта, оның ішінде HL7 және DICOM хаттамалары бойынша беру функциясы бар ақпараттық жүйелері. 3.13. Жүйе пациенттің медициналық куәландырудан өтуі мен оның нәтижесі туралы мәліметтерді алу үшін ЭСМО ЦЖ-сымен (Республикалық медицина институты – РМИ) өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. 3.14. Жүйе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Тапсырыс берушінің дербес деректерді қамтитын базаның меншік иесі ретіндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз ету үшін оның ЦР-ынан пациент қосымшасына деректерді автоматты түрде берудің технологиялық мүмкіндігін қамтамасыз етеді. 3.14.1. Пациентпен өзара іс-қимыл жасау және оған цифрлық ортада қызмет көрсету үшін Жүйе мына сервистердің автоматты түрде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді: ● пациент қосымшасында орналастыру үшін медициналық ұйым, мамандар және көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат беру; ● пациент қосымшасына қабылдауға жазылу үшін қолжетімді уақыт туралы ақпарат беру; ● пациент қосымшасынан қабылдауға жазылу туралы ақпарат алу; ● пациенттің дербес деректерін, оның ішінде сақтандыру мәртебесі, туыстары және бекітілуі туралы ақпаратты беру; ● өз бетінше жазылу кестелерінің жоқтығы туралы пікірлерді алу; ● құжаттарды тексеру үшін олардың QR коды бойынша құжаттар туралы ақпарат беру, ● пациенттің дербес деректерін, оның ішінде белгіленген маркерлері, білімі, әлеуметтік мәртебесі, жұмыс орындары,

	мекенжайлары және жеке басын куәландыратын құжаттары туралы ақпаратты беру; ● пациент алған медициналық қызметтер, зертханалық және диагностикалық зерттеулердің нәтижелері туралы ақпарат беру; ● жазылған рецептілер туралы ақпарат беру; ● берілген еңбекке жарамсыздық парақтары мен анықтамалары туралы ақпарат беру; ● қабылдауға жазылу туралы ақпарат беру; ● стационардан берілген үзінді көшірмелер туралы ақпарат беру; ● пациент есепте тұрған диспансерлік есеп топтары туралы ақпарат беру; ● консультациялық және диагностикалық қызметтер алуға берілген жолдамалар туралы ақпарат беру; ● жоспарлы емдеуге жатқызуға берілген жолдамалар туралы ақпарат беру; ● пациент стационарда жатқан кезде жүргізілетін емдеу (жатқызылған бөлімше, емдеуші дәрігер, тағайындалған қызметтер мен препараттар) туралы ақпарат беру; ● дербес деректердегі қателер туралы хабарламаларды алу; ● медициналық деректер бойынша пікірлерді алу. 3.14.2. Тапсырыс беруші ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 25-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес көрсетілген деректер тізбесін шектеуге құқылы. 3.14.3. Тапсырыс беруші пациентке цифрлық ортада қызмет көрсету шеңберінде онымен өзара іс-қимыл жасау үшін осы бөлімде көрсетілген деректерді қалыптастыру бойынша қажетті ұйымдастыру шараларын қамтамасыз етеді. 3.15. Өнім беруші Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес дербес деректерді қамтитын базаның меншік иесі ретіндегі міндеттерін орындауы, сондай-ақ медициналық көмек көрсету барысында Тапсырыс берушінің медициналық ұйымы мен пациенттің өзара іс-қимыл жасауы, кері байланысты қамтамасыз ету және пациентпен байланысты жақсарту үшін пациент қосымшасының БҚ-сына (өзінің немесе тиісті келісім жасасқан үшінші тұлғаның БҚ-сына) қосылуды ұйымдастыруға тиіс. Бұл мынадай қызметтер көрсету үшін қажет: 3.15.1. цифрлық ортадағы интерактивті қызметтер: ● қолданыстағы жолдама бойынша қабылдауға жазылу; ● диспансерлік есеп топтары мен белгілі бір мамандықтар бойынша жолдамасыз қабылдауға жазылу; ● қабылдауға жазылу үшін қолжетімді уақытты таңдау; ● Жұмыс кестелерін және қолжетімді уақытты қарап шығу; ● Тапсырыс берушінің ЦР-ындағы пациенттің жеке деректерінің тізбесін қарап шығу; ● Тапсырыс берушінің ЦР-ындағы медициналық деректер тізбесін қарап шығу: қабылдауға жазылулар, диагностикалық зерттеулер мен зертханалық талдаулардың нәтижелері, жазылған рецептілер, берілген еңбекке жарамсыздық парақтары мен анықтамалары, консультациялық және диагностикалық қызметтер алуға берілген жолдамалар, жоспарлы емдеуге жатқызуға берілген жолдамалар, пациенттің диспансерлік есеп топтары; ● Тапсырыс берушінің ЦР-ындағы пациент деректері бойынша баға, пікір және түсініктеме қалдыру арқылы кері байланыс алу; ● Медициналық деректер бойынша пікірлерге берілген жауаптарды қарап шығу; ● Жеке деректер бойынша пікірлерге берілген жауаптарды қарап шығу; ● Өз бетінше жазылу кестелерінің жоқтығы туралы пікірлерге берілген жауаптарды қарап шығу. Жүйе цифрлық ортада жекелеген интерактивті қызметтерді

	көрсету кезінде ЭЦҚ арқылы куәландыру тетігін қолдануды қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Мұндай қызметтердің тізбесі Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасындағы қосымша келісіммен айқындалады. 3.15.2. цифрлық ортадағы ақпараттық қызметтер: ● пациентке қабылдауға жазылғаны туралы хабарлау; ● пациентке қабылдауға жазылудың күші жойылғаны туралы хабарлау; ● пациентке қабылдау күні, уақыты немесе орны өзгергені туралы хабарлау; ● пациентке көрсетілген қызметтер туралы хабарлау; ● пациентке Тапсырыс берушінің қызметкерлері оның ДМД-сына қол жеткізгені туралы хабарлау. 3.16. Жүйе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен объектілік сәйкестендіргіштерді қолдайды және олардың талаптарына сәйкес келеді. 3.17. Жүйе жіктеуіштер мен анықтамалықтарды қолдайды және медициналық ұйымның бейініне сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының деректер жиынтықтарын жүргізуді қамтамасыз етеді. 4. Денсаулық сақтау субъектілерінің ЦР-лары арасында ақпарат алмасу шеңберіндегі Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері 4.1. Тапсырыс беруші Өнім берушіге «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 60-бабының 4-тармағына сәйкес медициналық көмек көрсету мақсатында пациенттердің ДМД-сын жинау үшін өзінің ЦР-ы мен өз ЦР-ын қалыптастыруда Өнім берушінің Жүйесін пайдаланатын басқа денсаулық сақтау субъектілерінің ЦР-лары арасында ақпарат алмасу мүмкіндігін қамтамасыз етуді тапсырады. Ақпарат алмасу деректерді медициналық ұйымдардың ЦР-лары арасында бермей көрсетуге мүмкіндік беруге тиіс және сұрау бойынша Жүйе тетіктері арқылы жүзеге асырылуға тиіс: ● Тапсырыс беруші ұйымының қызметкерлері сұрау салған кезде Жүйе құралдары арқылы басқа денсаулық сақтау субъектілерінің ЦР-ларындағы пациенттің ДМД-сын көрсету. Бұл ретте Жүйе құралдары арқылы сұрау салған пайдаланушыға ДМД-ны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтау жауапкершілігі туралы хабарланады және ол осы жауапкершілікке келіседі. Тапсырыс беруші пациенттерден ДМД-ны жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім алу үшін қажетті барлық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді. ● Денсаулық сақтаудың басқа субъектілерінің сұрауы бойынша Тапсырыс берушінің ЦР-ындағы пациенттердің ДМД-сын көрсету. Бұл ретте Жүйе құралдары арқылы сұрау салған пайдаланушыға ДМД-ны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтау жауапкершілігі туралы хабарланады және ол осы жауапкершілікке келіседі. Ақпарат алмасу кезінде деректер әртүрлі ЦР арасында физикалық түрде ауыстырылмайды. Деректер өзгерту немесе жою мүмкіндігінсіз тек қарап шығу үшін беріледі. 5. Киберқауіпсіздік және деректерді қорғау талаптарын қамтамасыз ету функциялары 5.1. Жүйе пайдаланушыларды аутентификациялау және мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта көрсету үшін электрондық құжаттар мен олардың бөліктеріне қол қою кезінде ЭЦҚ қолдану функциясын қамтамасыз етеді. 5.2. Жүйе ЭЦҚ-ны міндетті түрде қолдану талабын баптау функциясын

	қамтамасыз етеді. 5.3. Жүйе Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 179/НҚ бұйрығымен бекітілген Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес пайдаланушылардың көп факторлы аутентификациясын, оның ішінде биометриялық аутентификацияны қамтамасыз етеді. Өнім беруші биометриялық аутентификацияны ДҚБ мемлекеттік сервисі арқылы бейнелердің ұлттық эталондық базасынан алынған эталондық фотосуретті пайдалана отырып, өзінің бағдарламалық құралдарымен жүргізеді. Өнім беруші пайдаланушының дербес деректерін, оның ішінде биометриялық деректерін жинауға және өңдеуге келісімін Жүйе арқылы ЭЦҚ-мен қол қойғызу арқылы алады. Тапсырыс берушіге биометриялық аутентификацияның нәтижесі ғана беріледі, Тапсырыс беруші қызметкерлерінің дербес деректері, оның ішінде биометриялық деректері берілмейді. Қол қойылған келісім болмаса, пайдаланушыға Жүйенің биометриялық аутентификацияны талап ететін функцияларына қол жеткізу берілмейді. 5.4. Жүйе жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес медициналық деректерін байланыс арналары арқылы беру процесінде олардың сақталуын және құпиялылығын техникалық деңгейде қамтамасыз етеді (деректерді шифрлау, қауіпсіз беру хаттамаларын қолдану). Жүйеде қолданылатын дерекқорды басқару жүйесі деректерді шифрлауды қолдайды. Жүйе ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау құралдарын қамтамасыз етеді, атап айтқанда: ● әртүрлі параметрлердің комбинациясы арқылы, оның ішінде құпиясөздерді немесе аутентификация белгілерін (цифрлық сертификаттар, токендер, смарт-карталар, бір реттік құпиясөз генераторлары және биометриялық аутентификация құралдары) жасау және енгізу арқылы пайдаланушының түпнұсқалығын тексеру; ● Жүйенің ақпараттық-есептеу ресурстарына және ондағы әрекеттерге қол жеткізу құқықтарын айқындау үшін пайдаланушыны авторизациялау; ● объектілер иерархиясын және ұйымдық құрылымға тиесілілігін ескере отырып, Жүйе пайдаланушыларының құқықтарын рөлдер, топтар және қол жеткізу деңгейлері бойынша ажырату; ● пайдаланушылардың Жүйенің аса маңызды функцияларымен және қосымшаларымен жұмысын журналға тіркеу; ● жүйелік файлдарды өзгеруден немесе бүлінуден қорғау. 5.5. Медициналық ұйым өз процестерін электрондық форматта жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 3 маусымдағы № 111/НҚ бұйрығымен бекітілген «Цифрлық үкіметтің» цифрлық объектілерін және аса маңызды цифрлық объектілерді киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынау әдістемесі мен қағидаларына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестік сынағынан өткен Жүйені пайдаланады. 5.6. Өнім беруші құқықтық қатынастар тоқтатылған кезде және (немесе) денсаулық сақтау субъектісінің немесе уәкілетті органның сұрауы бойынша МЦЖ-мен жұмыс істеу кезінде қалыптастырылған Тапсырыс берушінің ЦР-ындағы барлық цифрлық деректер мен жазбаларды жеті жұмыс күні ішінде өтеусіз

	негізде Тапсырыс берушіге және уәкілетті органның цифрлық жүйелеріне беруді қамтамасыз етеді. МЦЖ-дан цифрлық деректер мен жазбаларды денсаулық сақтау субъектісіне беру цифрлық денсаулық сақтаудың уәкілетті ұйымымен келісу бойынша мүлікті қабылдау-беру актісімен ресімделеді. 5.7. Өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылады. Дербес медициналық деректерді жинауды, сақтауды және өңдеуді қамтамасыз ететін серверлік жабдық пен бағдарламалық қамтылым Қазақстан Республикасының аумағында орналастырылған. 5.8. Жүйе сенімді IP-мекенжайлар тізбесі бойынша пайдаланушылардың қол жеткізуін шектеу тетіктерінің болуын қамтамасыз етеді және интернет желісіне қол жеткізудің бірыңғай шлюзі арқылы қосылған. 5.9. Жүйе пайдаланушылардың Жүйеге қол жеткізуін олардың жұмыс уақыты бойынша шектеу функциясын қамтамасыз етеді. 5.10. Жүйе пайдаланушылардың есептік жазбаларын жасау, жою және редакциялау функцияларын қамтамасыз етеді. 5.11. Жүйе пайдаланушылардың рөлдерін жасау, жою және редакциялау функцияларын қамтамасыз етеді. 5.12. Жүйе нақты пайдаланушыларға рөлдерді бекіту функциясын қамтамасыз етеді (бір пайдаланушының бірнеше рөлі болуы мүмкін). 5.13. Пайдаланушылардың құқықтарын бөлуге және оларды өз қызметкерлеріне беруге Тапсырыс беруші жауапты. 5.14. Жүйе пайдаланушының дербес медициналық деректерді жасау, жою және өзгерту әрекеттерін журналға тіркеу функциясын және белгілі бір кезеңдегі нақты пайдаланушылардың әрекеттері жазылған журналдарды (логтарды) қарап шығуды қамтамасыз етеді. 5.15. Жүйе пайдаланушының Жүйеге қол жеткізуіне уақытша тыйым салу функциясын қамтамасыз етеді. 5.16. Жүйе бастапқы бір реттік құпиясөздерді жасау функциясын қамтамасыз етеді. 5.17. Жүйе пайдаланушылардың Жүйеге қол жеткізуге арналған құпиясөздерін өзгерту функциясын қамтамасыз етеді. 5.18. Жүйе қол жеткізу аудитін (пайдаланушылардың сәтті және сәтсіз кіру әрекеттерін), оның ішінде ҰКО ЭЦҚ-сымен кіру аудитін жүргізу функциясын қамтамасыз етеді. 5.19. Өнім беруші «Ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік және құпиялылықты қорғау. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару құралдары» ҚР СТ ISO/IEC 27002-2023 стандартын сақтайды және Өнім берушінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы деңгейінде Жүйедегі деректердің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте Тапсырыс беруші ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын сақтау үшін мынадай әрекеттерді жүзеге асырады: ● Жүйенің ЦР-ына рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алу үшін барлық қажетті шараларды қамтамасыз етеді. Тапсырыс берушінің пайдаланушылары өздерінің дербес аутентификация деректерін (логин, құпиясөз, авторизация коды бар SMS-хабарлама, электрондық цифрлық қолтаңба және т.б.) үшінші тұлғаларға бермеуге тиіс; ● пайдаланушылардың жұмыс станцияларын зиянды бағдарламалардан қорғауды, антивирустық бағдарламалық қамтылым мен браузерлердің нұсқаларын тұрақты түрде жаңартуды қамтамасыз етеді; ● ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі функционалдық міндеттерді Тапсырыс беруші қызметкерлерінің лауазымдық

	нұсқаулықтарына және (немесе) еңбек шартының талаптарына енгізеді. Еңбек шарты тоқтатылғаннан кейін де күшінде қалатын ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі міндеттемелер Тапсырыс беруші қызметкерлерінің еңбек шартында бекітіледі; ● киберқауіпсіздік оқыс оқиғалары, сондай-ақ киберқауіпсіздіктің ықтимал бұзылу жағдайлары туындаған кезде Өнім берушіге жәрдем көрсетеді және оның сұрауы бойынша киберқауіпсіздік оқыс оқиғасын (киберқауіпсіздіктің ықтимал бұзылу жағдайларын) тергеп-тексеруге қажетті мәліметтерді береді; ● қызметкерлерге биометриялық аутентификациядан өту тәртібі және дербес деректерді, оның ішінде биометриялық деректерді жинауға және өңдеуге келісімге қол қою қажеттігі туралы хабарлайды. 5.20. МЦЖ Тапсырыс берушіге медициналық ұйымы қызметкерлерінің пациенттердің ДМД-сына қол жеткізу рұқсаттарын және қол жеткізу деңгейлерін рұқсаттардың цифрлық картасы тетігі арқылы басқаруға мүмкіндік беретін технологиялық тетіктерді қамтамасыз етеді. 5.21. Жүйе «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің (бұдан әрі – Кодекс) 61-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес ДМД қауіпсіздігі және медицина қызметкерінің құпиясын сақтау (Кодекстің 273-бабы) талаптарын орындаудың мынадай тетіктерін қамтамасыз етеді: 5.21.1. пациентті іздеу кезінде оның ДМД-сына қол жеткізуді шектеу; 5.21.2. Тапсырыс беруші қызметкерлерінің лауазым түріне және Тапсырыс берушінің медициналық ұйымының құрылымдық бөлімшесіне тиесілілігіне қарай пациенттің ДМД-сына қол жеткізуді шектеу; 5.21.3. медициналық көмек көрсету кезінде қызметкерлерді алмастыруды және функцияларды беруді ескере отырып, деректердің авторлығы қағидаты бойынша ДМД-ға қол жеткізуді шектеу; 5.21.4. статистикалық ақпаратты қалыптастыру кезінде ДМД-ны иесіздендіру. 5.22. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының ережелеріне, сондай-ақ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 60-бабының 1-тармағына сәйкес медициналық көмек көрсетуге және ДМД-ны жинауға, өңдеуге пациенттердің келісімін алуды қамтамасыз етеді. 5.23. Тапсырыс берушінің немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның тапсырмасы бойынша Өнім беруші Тапсырыс берушінің ЦР-ындағы деректерді түзету және логикалық жою жөніндегі технологиялық шараларды жүргізуді қамтамасыз етеді. 5.24. Жүйе пациенттің немесе оның заңды өкілінің сұрауы бойынша белгілі бір кезеңге немесе белгілі бір өлшемшарттар бойынша меншік иесі Тапсырыс беруші болып табылатын пациенттің дербес медициналық деректерін Тапсырыс берушінің ұйымы үшін жүктеп алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. 6. Жүйе пайдаланушыларын оқыту және қолдау 6.1. Өнім беруші Жүйені пайдалану барысында туындайтын мәселелер бойынша консультация беру үшін шарттың бүкіл қолданылу мерзімінде пайдаланушыларды қолдау қызметін ұсынады. 6.2. Өнім беруші пайдаланушыларды қолдау қызметін шарттың бүкіл қолданылу мерзімінде тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн көрсетеді. 6.3. Пайдаланушыларды қолдау қызметі мыналарды

	қамтиды: ● Жүйедегі қателерді түзету; ● пайдаланушыларға Жүйе функцияларын дұрыс қолдануға көмектесу; ● Жүйені пайдалану барысында туындайтын мәселелер бойынша пайдаланушыларға консультация беру; ● Жүйенің жаңа нұсқаларын ұсыну. Жаңарту туралы ақпарат Жүйенің басты бетінде және Telegram ақпараттық арнасында жарияланады. ● Пайдаланушы ұсынған өтінімдерге сәйкес пайдаланушылардың есептік жазбаларын жасау. 6.4. Жүйені пайдалану барысында туындайтын мәселелер бойынша пайдаланушыларға консультациялар мына тәсілдермен беріледі: ● телефон қоңыраулары; ● электрондық пошта арқылы; ● пайдаланушының жұмыс орнына қашықтан қол жеткізу арқылы. 6.5. Өнім беруші шартқа қол қойылғаннан кейін Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша Жүйенің функцияларын пайдалануды онлайн форматта үйретуге міндеттенеді. Жаңа функциялар қосылғаннан кейін Өнім беруші оларды пайдалануды онлайн форматта үйретеді. Тапсырыс беруші өз қызметкерлерінің сабақ кестесіне сәйкес оқуға қатысуын қамтамасыз етеді. 6.6. Өнім беруші Тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша қайта оқыту қызметтерін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің медициналық ұйымына дербес консультант қызметін ақылы негізде ұсынады. Аталған қызметтер жекелеген қосымша келісімдермен ресімделеді және реттеледі. 7. Жүйенің жалпы функционалдық мүмкіндіктері 7.1. Жүйе бизнес-процестерді денсаулық сақтау, цифрландыру және киберқауіпсіздік салаларындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес іске асырады. 7.2. Жүйе пайдаланушы интерфейсінің көптілділігін қолдайды (мемлекеттік және орыс тілдері). 7.3. Жүйе халықтың/пациенттердің тізілімін жүргізу бойынша мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● ДСМ ЦЖ-сымен интеграция арқылы медициналық ұйым қызмет көрсететін халық тізілімін қалыптастыру, жүргізу және басқару; ● нақты жағдайға қарай Жүйенің функционалдық блоктарында пациентті іздеу; ● медициналық көмек көрсету, оның ішінде стационарға жатқызу үшін пациенттерді, соның ішінде шетел азаматтарын немесе құжаттары жоқ пациенттерді Жүйенің пациенттер тізіліміне қосу тетігі; ● Жүйенің пациенттер тізіліміне қолмен қосылған барлық пациентке бірегей сәйкестендіргіш беру және бір жеке тұлғаның деректерінің қайталануына жол бермеу. 7.4. Жүйе анықтамаларды қалыптастыру және беру бойынша мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● есепке алу құжаттамасын жүргізу жөніндегі НҚА-ға сәйкес анықтамаларды тіркеу; ● анықтамаларды нөмірін көрсете отырып қалыптастыру және беру, сондай-ақ анықтама «Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері» бөлімінде көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін ДСМ ЦЖ-сымен интеграция шеңберінде берілсе, оған ЭЦҚ-мен қол қою мүмкіндігі; ● жабылған анықтамалар журналын қалыптастыру; ● дәрігерлік-консультациялық комиссияға (ДКК) жолдама, оның хаттамасын және қорытындылар журналын қалыптастыру; ● мультидисциплинарлық топтың (МДТ) қорытындыларын қалыптастыру. 7.5. Жүйе иммунопрофилактика бойынша мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● дәрігердің профилактикалық екпеге жолдауы; ● медициналық

	қарсы көрсетілімдерді және иммундаудан бас тартуды тіркеу; ● екпелердің жасалғаны туралы емшара кабинетінің деректерін тіркеу; ● иммундау паспортын қалыптастыру; 7.6. Жүйе емшара кабинеттерінде дәрігердің тағайындауы бойынша орта медицина қызметкерлері орындайтын емшараларды есепке алуды қамтамасыз етеді: ● емшараларға жолдамалар тізімін көрсету; ● тағайындалған емшаралардың орындалу фактілерін тіркеу; ● қажет болғанда, емшара бір рет жүргізілмей, курс түрінде жүргізілсе, емшараларды күндер мен сағаттар бойынша орындау кестесін құру және әрбір жоспарланған емшараның орындалуын тіркеу мүмкіндігі; ● емшараларға бару кестесінің орындалуын мониторингтеу; ● емшаралар журналдарын басып шығару мүмкіндігі. 7.7. Жүйе еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары мен анықтамаларын қалыптастыру бойынша мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары мен анықтамаларын тіркеу және ұзарту; ● еңбекке уақытша жарамсыздық парағын бөлімше меңгерушісінің және ДКК мүшелерінің келісуі; ● еңбекке жарамсыздық парағын өткен күнмен ашуды келісу туралы сұрауды тіркеу және Жүйеде тиісті құқығы бар ДКК мүшесінен немесе өзге уәкілетті тұлғадан келісім немесе бас тарту алу мүмкіндігі; ● қолданыстағы НҚА-ға сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық парағын тиісті бланкіде қалыптастыру және басып шығару; ● баланың, оқушының немесе студенттің еңбекке уақытша жарамсыздығы, масаңдық салдарынан болған аурулар кезіндегі еңбекке уақытша жарамсыздық, науқас балаға күтім жасау үшін жұмыстан уақытша босату туралы анықтамаларды қалыптастыру; ● таңдалған өлшемшарттар бойынша (кезең, парақ мәртебесі, пациенттің Т.А.Ә.) еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарының журналын қалыптастыру және қарап шығу. 7.8. Жүйе оңалту бойынша мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді ● оңалту картасын тіркеу (нозологиялар бойынша бірыңғай оңалту картасын жүргізу, оңалтудың толық тарихын қарап шығу, Жүйеде оңалтуға байланысты әрекеттерді тіркеу кезінде, мысалы, қалпына келтіру еміне жолдаманы жасау кезінде ашық оңалту картасының бар-жоғын автоматты түрде тексеру және карта болмаған кезде оны тіркеуді бастау); ● оңалту жағдайын жүргізу (ауру тарихында қалпына келтіру емі түрі бойынша бастапқы қарап-тексеруді немесе шығару эпикризін сақтау кезінде пациенттің оңалту картасына байланыстырып, оңалту жағдайын автоматты түрде қалыптастыру); ● оңалту әлеуетін көрсете отырып, оңалту маршруттау шкаласы (ОМШ) бойынша бағалауды және пациенттің жағдайын бағалаудың халықаралық шкалаларын тіркеу; 7.9. Жүйе шұғыл хабархаттарды қалыптастыру бойынша мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді ● бастапқы, нақтылаушы және растаушы хабархаттарды тіркеу; ● пациенттің шұғыл хабархатында тіркелген мәліметтерді қарап шығу, сондай-ақ бастапқы хабархат негізінде нақтылаушы және растаушы хабархаттарды жасау. 7.10. Жүйе дәрілік заттарға жағымсыз реакциялар туралы ақпаратты тіркеу бойынша мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді ● стационарлық немесе амбулаториялық емдеу

	жағдайында дәрігер тағайындаған дәрілік препаратқа жағымсыз реакция туралы хабарлама картасын тіркеу мүмкіндігі ● пациенттен алынған ақпарат негізінде көрсетілетін кез келген дәрілік препаратқа жағымсыз реакция туралы хабарлама картасын тіркеу мүмкіндігі 7.11. Жүйе ақылы медициналық қызметтерді жүргізу үшін мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● көрсетілетін медициналық және медициналық емес қызметтердің бағалар прейскурантын жүргізу; ● шоттарды қалыптастыру кезінде автоматты түрде қолданылатын жеңілдіктер мен үстемеақыларды жүргізу; ● тағайындалған және көрсетілген қызметтер үшін төлем қабылдауды және қаражатты қайтаруды тіркеу (касса); ● алдын ала жазылусыз және жолдамасыз көрсетілетін қызметтер үшін төлем қабылдауды тіркеу; ● көрсетілген стационарлық көмек (қызметтер, ДЗ/ММБ, өткізілген төсек-күндер, тамақтану) үшін төлем қабылдауды және қаражатты қайтаруды тіркеу; ● жарақат пунктінде көрсетілген көмек үшін төлем қабылдауды және қаражатты қайтаруды тіркеу; ● алдын ала төлемсіз көрсетілмейтін қызметтерді баптау және осындай қызметтерге қабылдау кезінде төлемді бақылау; ● төлем қабылдау үшін дәрілік заттардың (ДЗ) және медициналық мақсаттағы бұйымдардың (ММБ) номенклатурасы мен құнын жүргізу; ● заңды және жеке тұлғалармен ақылы медициналық қызмет көрсету шарттарының тізілімін және сол шарттардағы бағалар прейскурантын жүргізу; ● «Касса» модулінде есептерді қалыптастыру. 7.12. Жүйе медициналық көмек көрсетуді қолдау құралдарын ұсынады: ● таңдалған диагнозға қарай диагностикалау және емдеу хаттамаларын қарап шығу; ● медициналық құжаттаманың және тағайындаулардың жүйелік үлгілерін пайдалану және пайдаланушы үлгілерін жасау; ● медициналық құжаттама мен тағайындаулардың үлгілерін баптау, медициналық құжаттардың қолданыстағы үлгілерін өзгерту (жаңа нұсқаларын жасау). 7.13. Жүйе медициналық ұйымның ресурстары туралы мәліметтерді жүргізу бойынша мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● медициналық ұйым, медицина қызметкерлері және медициналық ұйымның функционалдық құрылымы туралы ақпаратты көрсету және тіркеу; ● медициналық ұйымда көрсетілетін қызметтер мен жасалатын операциялардың номенклатурасын жүргізу; ● сақтандыру компанияларының тізілімін жүргізу; ● бөлімшелер, палаталар және бейіндер бойынша төсек қорын есепке алу тізілімін жүргізу ● бекеттердің, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар қоймаларының тізілімін жүргізу. 8. Емханаға арналған функционалдық мүмкіндіктер 8.1. Жүйе дәрігерлердің және кабинеттердің жұмыс кестелерін жүргізудің мынадай функционалдық мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді: ● мына параметрлерді таңдау мүмкіндігімен дәрігердің/кабинеттің жұмыс кестесін жасау, көрсету, редакциялау және жою: ● мамандануын, медициналық ұйымның қызметкерлер тізімінен дәрігерді, ● медициналық ұйымның қызметтер тізімінен қызметтерді Кесте жойылғанда немесе редакцияланғанда жазылып қойған пациенттер болса, Жүйе пациенттерді қайта бөлуді, оның ішінде кесте параметрлеріне (дәрігер, қызмет, қызмет сыныбы, түрі, мамандануы)

	сәйкес өлшемшарттар бойынша ең жақын қолайлы қабылдау уақытын автоматты түрде іріктеуді және пайдаланушының ең қолайлы нұсқаны таңдауын қамтамасыз етеді. Дәрігердің/кабинеттің жұмыс кестесін жасау кезінде медициналық қызметтер жіктеуіші бойынша қабылдау жүргізілетін қызметтер тізімін, олардың сыныбын немесе түрін, ал ақылы қызметтер үшін ұйым қызметтерінің номенклатурасын көрсету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Жүйе қабылдау кестелерімен жұмыс істеу кезінде мынадай мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● белгілі бір дәрігердің немесе кабинеттің нақты уақыт аралығына (күні, уақыты) арналған кестесінің бар-жоғын тексеру; ● дәрігердің жұмыс кестесін немесе қызмет көрсету кестесін жасау кезінде белгілі бір дәрігердің не кабинеттің нақты уақыт аралығына (күні, уақыты) кестесі бар екенін Жүйе пайдаланушысына хабарлау; ● қолданыстағы кестелер арасынан күні, уақыты, дәрігері, дәрігердің мамандығы, қызметі және аталған параметрлердің үйлесімі бойынша кестені іздеу. 8.2. Жүйе пациентті қабылдауға жазуды жүргізуде мынадай мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● кестедегі қабылдау уақытына жеке және топтық жазу, сондай-ақ себебін көрсете отырып жазылудың күшін жою мүмкіндігі; ● қабылдауға жазылған деректер бойынша дәрігерді, кабинетті, қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып маршруттық парақты басып шығару және қажет болғанда қосымша ақпаратты (пациенттің қабылдауға дайындалу тәсілін) көрсету мүмкіндігі; ● қабылдауға жазылудың күші жойылғанда босап қалған уақытты толтыру; ● бір ұйым шеңберінде пациенттің бір уақытта бірнеше маманға жазылуын, сондай-ақ бірнеше пациенттің бір маманға бір уақытқа жазылуын автоматты түрде болдырмау; ● қабылдауға жазылған пациенттерді көрсете отырып қабылдау кестесін қарап шығу; ● бос уақыт ұяшықтарын көрсете отырып, қолданыстағы кестелер арасынан күні, уақыты, дәрігері, дәрігердің мамандығы, қызметі, медициналық техника және аталған параметрлердің үйлесімі бойынша кестені іздеу; ● пациентті кестеге жолдама негізінде немесе жолдамасыз (НҚА-да бекітілген жолдамасыз жазылу жағдайларына сәйкес) қабылдауға жазу; ● дәрігер кестесінің уақыт шегінен тыс қабылдауға жазу құқықтары мен мүмкіндіктерін беру тетігі; ● көрсетілген қызмет бойынша қайталап қабылдауға жолдамасыз жазу тетігі; ● медициналық ұйым деңгейінде тиісті баптау іске қосылса, онкологиялық ауруға күдік болған кезде жолдамасыз қабылдауға жазу тетігі; ● маманның өзінің жұмыс кестесіне жазылуын автоматты түрде болдырмау; ● пациенттің қосымша арқылы қабылдауға жазылуын автоматты түрде растау. 8.3. Жүйе активтер (медицина қызметкерлерінің бастамасы бойынша үйге бару) журналын жүргізу бойынша мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● пациентке қызмет көрсететін учаскені автоматты түрде анықтау мүмкіндігімен активті қолмен тіркеу; ● басқа қаржыландыру көзі есебінен бекітілген медициналық ұйымнан тыс қызметкерлердің орындау мүмкіндігімен активті қолмен тіркеу; ● пациент белсенді бақылауға алынғанда бақылау мерзімінің шектерін көрсете отырып, бірнеше активті жоспарлау және апта

	күндері немесе нақты күндер бойынша жоспарлау нұсқасын таңдау мүмкіндігі; ● себебін көрсете отырып, активтің күші жойылғанын тіркеу; ● активтің уәкілетті медицина қызметкеріне берілгенін тіркеу; ● қайталама активтің қажеттігін және оның күнін тіркеу; ● учаскелер бойынша және тұтас ұйым бойынша бөлінбеген активтер парағын қалыптастыру; ● уәкілетті медицина қызметкері орындауға тиіс активтер парағын қалыптастыру. 8.4. Жүйе емхана дәрігерінің қабылдауға жазылулармен жұмыс істеу кеңістігін ұйымдастыру үшін мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● ағымдағы күнге және күндер аралығына арналған өзекті жұмыс күнтізбесін көрсету; ● қабылдаудың бос уақыт аралықтарын көрсете отырып жұмыс күнтізбесін көрсету; ● белгілі бір күнге қабылдауға жазылған пациенттердің толық тізімін уақыты бойынша қарап шығу; ● өз бетінше жүгінген немесе жолдамамен келген пациенттің қабылдауын талон беру мүмкіндігімен тіркеу. 8.5. Жүйе емхана дәрігерінің ағымдағы тапсырмаларды орындауға арналған жұмыс кеңістігін ұйымдастыру үшін мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● «Жоспарланған», «Мерзімі өткен», «Күтілуде», «Орындалған» мәртебелеріндегі тапсырмалардың өзекті саны туралы ақпаратты көрсету; ● тапсырмаларды жасау және басқару; ● түрі, басымдығы және мәртебесі бойынша сүзу мүмкіндігімен тапсырмалар тізімін көрсету; ● орындалу мәртебесін бақылау мүмкіндігімен тапсырмаларды басқа қызметкерлерге беру; ● қызмет көрсету аймағын таңдау және пациенттерді шақыру стратегиясын баптау мүмкіндігімен «Онлайн кезекпен» жұмыс істеу; ● жолдамалармен және стационарға жатқызылған пациенттердің кезегімен жұмыс істеу; ● диагностикалық зерттеулердің нәтижелерімен жұмыс істеу; ● осы медициналық ұйымда тіркелген активтер тізімдерін көрсету; ● активтің қабылданғанын және оған қызмет көрсету нәтижесін тіркеу; 8.6. Жүйе емхана дәрігерінің медициналық құжаттаманы жүргізуі үшін мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● дайын пайдаланушы немесе жүйелік үлгілердің көмегімен жасалған медициналық құжаттаманы, жазбаларды, консультацияларды, қарап-тексеру хаттамаларын және пациенттің жай-күйін бағалау шкалаларын кейін басып шығару мүмкіндігімен жүргізу; ● «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңға сәйкес келісім алу рәсімі арқылы пациенттің электрондық медициналық жазбаларын қарап шығуға қол жеткізу; ● медициналық құжаттардың (талдау нәтижелерінің, диагностикалық зерттеулердің, эпикриздердің) электрондық көшірмелерін тіркеу; ● консультациялық-диагностикалық қызметтерге және зертханалық зерттеулерге ішкі (өз медициналық ұйымы шегінде) және сыртқы (басқа медициналық ұйымдарға) жолдамалар жасау, кесте қолжетімді болғанда қабылдауға нақты уақытқа жазу, сондай-ақ жолдамаларды басып шығару; ● емшараларға (жалпы клиникалық емшаралар, физиотерапия, емдік дене шынықтыру, физиопунктура, массаж, дәрілік емшаралар), вакцинацияға тағайындауларды тіркеу; ● ақылы дәрілік заттарға рецепт жазу мүмкіндігімен дәрілік заттар тағайындауларын тіркеу; ● амбулаториялық деңгейде

	жасалатын операцияларға тағайындауларды тіркеу; ● жолдаманың орындалуы туралы деректерді, оның ішінде жүргізілген зерттеп-қараулардың немесе консультациялардың нәтижелерін енгізу және қарап шығу; ● «Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері» бөлімінің тиісті тармағына сәйкес деректерді Емдеуге жатқызу бюросына бере отырып, стационарға (тәулік бойғы, күндізгі, үйдегі) жоспарлы емдеуге жатқызу жолдамасын қалыптастыру; ● қате жолдамалардың, пациент бастамасы бойынша немесе пациент келмеген кезде жолдамалардың күшін жою; ● «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңға сәйкес келісім алу рәсімі арқылы зертханалық зерттеулердің нәтижелерін қарап шығуға қол жеткізу; ● толтырылған медициналық жазбаларды басып шығару; ● инфекциялық, кәсіптік немесе онкологиялық аурудың анықталғаны туралы мәліметтерді тіркеу ● жеке медициналық кітапшаны қалыптастыру ● қабылдаудың медициналық жазбасын қалыптастыру және оған ЭЦҚ-мен қол қою 8.7. Жүйе емхананың орта медицина қызметкерлеріне мейіргерлік диагноздар жіктеуішін пайдалана отырып, мейіргерлік диагноздар мен мейіргерлік араласулар бойынша медициналық құжаттаманы жүргізу функцияларын қамтамасыз етеді. 8.8. Жүйе жүкті әйелдерді бақылау бойынша мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● жүкті әйелді есепке қоюды тіркеу; ● жүктілікті бақылау кезінде қабылдауға келу күндерін жоспарлау; ● пренаталдық скрининг бойынша зерттеп-қарауларды тіркеу; ● босандыру туралы мәліметтерді тіркеу. 8.9. Жүйе диспансерлік бақылау бойынша мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● пациентті диспансерлік есепке қоюды, оның ішінде мамандандырылған диспансерлерде (онкологиялық, психоневрологиялық, тері-венерологиялық, туберкулезге қарсы) есепте тұрғандарды тіркеу; ● іс-шаралар жоспарына сәйкес пациентті бейінді мамандардың және мамандандырылған медициналық ұйымдардың (диспансерлердің) қабылдауына жазу; ● диспансерлік топ бойынша тағайындалған іс-шаралар негізінде пациенттің маршруттық парағын қалыптастыру және басып шығару; ● пациенттерді ауруларды басқару бағдарламасына (АББ) енгізу және АББ картасын жүргізу. 8.10. Жүйе функционалдық, сәулелік және радиоизотоптық диагностика зерттеулерінің ерекшелігіне сәйкес орта медицина қызметкерінің жұмысына арналған мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● диагностикалық зерттеуге қатысты деректерді, атап айтқанда түсірілім түрін, жүргізілген күнін, нөмірін, дозасын, проекция түрін және зерттеу мақсатын (профилактика немесе диагностика) тіркеу; ● диагностикалық зерттеудің жүргізілгені туралы деректерді нәтижені түсіндіретін дәрігерге беру. 8.11. Жүйе пациенттердің жекелеген топтарын автоматты түрде таңбалауды және тағайындалған маркерлер туралы ақпаратты кемінде цифрлық медициналық картада көрсетуді қамтамасыз етеді: ● қарап-тексеру кабинетінде онкопатологияға күдік анықталған, онкопатологиясы учаскелік дәрігер немесе аудандық онколог деңгейінде расталған және онкологиялық диспансерде диспансерлік есепте тұрған пациенттер (онкологиялық науқастардың диспансерлік

	тобы бойынша деректер жүргізілген жағдайда); ● флюорографиялық қарап-тексеруде патология анықталған, анықталған патологияны учаскелік дәрігер немесе аудандық фтизиатр растаған және туберкулезге қарсы диспансерде есепте тұрған пациенттер (туберкулезбен ауыратын науқастардың диспансерлік тобы бойынша деректер жүргізілген жағдайда); 9. Стационарға арналған функционалдық мүмкіндіктер 9.1. Жүйе қабылдау бөлімшесіне арналған мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● стационарға жатқызуға жолдамалар тізімін қарап шығу; ● ҚР ДСМ ЦЖ қағидаларына және деректер өрістерінің жиынтығына сәйкес стационар деңгейінде емдеуге жатқызу жолдамасын тіркеу; ● оңалту еміне жолдамалар деректерін тіркеу; ● осы ерекшеліктің «Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері» бөлімінің тиісті тармағына сәйкес интеграция болған жағдайда пациент қабылдау бөлімшесіне жеткізілген кезде жедел медициналық жәрдем карталарын қарап шығу; ● пациенттің қабылдау бөлімшесіне жүгінуін жүгіну нәтижесіне (емдеуге жатқызу, емдеуге жатқызудан бас тарту) қарамастан тіркеу; ● қабылдау бөлімшесінде пациентке көрсетілген қызметтер мен манипуляцияларды, сондай-ақ медициналық көмек көрсету кезінде пайдаланылған дәрілік заттарды есепке алу; ● осы ерекшеліктің «Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері» бөлімінің тиісті тармағына сәйкес интеграция болған жағдайда Жүйеден де, ЕЖБ-дан да алынған жолдамалар деректері негізінде пациентті жоспарлы түрде емдеуге жатқызуды тіркеу; ● стационар пациенттерін сәйкестендіру үшін қабылдау бөлімшесінде бірегей штрихкод пен QR коды бар білезіктерді басып шығару; ● пациенттерді жай-күйіне қарай үш аймаққа – қызыл, сары және жасыл аймақтарға – сұрыптау (триаж жүйесі); ● емдеуге жатқызудан бас тартуды тіркеу; ● төсек бейініне қарай емдеуге жатқызу жолдамасын тіркеу және пациенттерді анонимді тәртіппен жатқызу. ● пациент пен дәрігердің құжаттарға (хабардар етілген келісімдерге/шарттарға) файлдық немесе бұлттық ЭЦҚ-мен не eGov Mobile сервисі арқылы қол қоюы немесе пациенттің келісімге пациент қосымшасы арқылы қол қоюы; ● пациентке жүргізілген вакцинация туралы мәліметтерді тіркеу (пациент сол сәтте қабылдау бөлімшесінде болған жағдайда). 9.2. Жүйе науқасты тәулік бойғы немесе күндізгі стационарда емдеу кезінде медициналық құжаттаманы жүргізу бойынша мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● емдеуге жатқызылған пациенттер тізімін берілген өлшемшарттар бойынша қарап шығу; ● стационарлық науқастың медициналық жазбаларын, оның ішінде үлгілер негізінде жүргізу; ● қатысушылардың жазбаны келісу мүмкіндігімен «Консилиум» медициналық жазбасында консилиумға қатысушыларды көрсету; ● қатысушылардың жазбаны келісу мүмкіндігімен «МДТ» медициналық жазбасында мультидисциплинарлық топқа қатысушыларды көрсету; ● пациенттің жай-күйін мына құралдармен бағалау нәтижелерін тіркеу: Освестри сауалнамасы, Humpty Dumpty шкаласы, FOUR кома шкаласы, Глазго кома шкаласы (балалар мен ересектерге арналған), CHA2DS2-VASc шкаласы, Хант және Хесс шкаласы, GRACE шкаласы, қан кету қаупін

	бағалаудың CRUSADE шкаласы, HAS-BLED шкаласы, зақымданудың ауырлығын бағалаудың ISS шкаласы, NIHSS шкаласы, Хаус–Бракманн шкаласы, Martin–Spetzler шкаласы, ауырсынуды бағалау шкаласы, психикалық жай-күйді бағалаудың қысқаша шкаласы (MMSE), Браден шкаласы бойынша ойылу қаупін бағалау парағы, Монреаль шкаласы, Баллард шкаласы, отырған қалыптағы тепе-теңдікті бағалау, өзіне-өзі қызмет көрсету және тұрмыстық бейімделу дағдыларын бағалау, өкпе артериясының тромбоэмболиясы ықтималдығын бағалау шкаласы, CMAS шкаласы, веналық тромбоэмболияның қауіп факторлары (Кучер модификациясындағы Падуа шкаласы), GMFCS-ER шкаласы, Нортон шкаласы, ықтималдықты бағалаудың Уэллс шкаласы, хирургиялық науқастардың веналық тромбоэмболия қаупін бағалаудың Caprini шкаласы, құлау қаупін бағалаудың Морзе шкаласы, ДДҰ прогрессия шкаласы, Холмс–Рей шкаласы, ауызша қарым-қатынас жасай алмайтын пациенттерге арналған ауырсынуды бағалау парағы, ерте ескерту шкаласы, Кетле индексі, ауырсынуды бағалау парағы (1 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың ауырсынуын мінез-құлық белгілері бойынша бағалаудың FLACC шкаласы), ауырсынуды бағалау парағы (жаңа туған нәрестелер мен бір жасқа дейінгі балалардың ауырсынуын мінез-құлық белгілері бойынша бағалаудың NIPS шкаласы), жаңа туған нәрестелердегі жіті ауырсынуды бағалау шкаласы, тәуекелді бағалаудың IMPROVE моделі, қан кету қаупін бағалаудың IMPROVE моделі, ағза дисфункциясын бағалаудың SOFA шкаласы, Крамер шкаласы, пациенттің жай-күйінің ауырлығын клиникалық бағалаудың APACHE II шкаласы, BASDAI индексі, пневмония ауырлығының PSI индексі, лимфостаз жіктемелері, Генрих шкаласы бойынша құлау қаупін қайта бағалау, Даунс шкаласы бойынша тыныс алу бұзылыстарын бағалау, ABCD2 шкаласы, CURB-65/CRB-65 шкаласы, ECOG–ДДҰ шкаласы, METAVIR шкаласы, MGFA шкаласы, NSR шкаласы (Nutritional Risk Screening), qSOFA шкаласы (quick Sequential Organ Failure Assessment), Ranson шкаласы, SMART-COP/SMRT-CO шкаласы, жіті психикалық реакциялар қаупін және өзіне зиян келтіру ықтималдығын бағалау шкаласы, өзіне зиян келтіру/суицид қаупін бағалау шкаласы (Modified SAD PERSONS Scale, 15 жастан бастап жасөспірімдерге және ересектерге арналған), дистресті өзіндік бағалау шкаласы, DAS28 шкаласы, Mini-Mental шкаласы, өкпе артериясының тромбоэмболиясы ықтималдығының қайта қаралған бағасы, Карновский индексі, өкпенің созылмалы обструктивті ауруын бағалау тесті (CAT), жұтынуды скринингтік тестілеу, жұтыну функциясын стандартталған скринингтік тестілеу, Рэнкиннің модификацияланған шкаласы (онкология); ● көрсетілген қызметтің нәтижесін қарап шығу мүмкіндігімен диагностикалық, зертханалық қызметтерге және мамандар консультацияларына тағайындауларды қалыптастыру; ● емшаралар мен манипуляцияларға, оның ішінде онкологиялық науқастарға арналған емге (сәулелік терапия, химиотерапия, гормондық терапия, таргеттік терапия, иммунотерапия, сүйек резорбциясы тежегіштерімен терапия) дәрігерлік тағайындауларды қалыптастыру; ● жаңа туған нәрестелерді вакцинациялауға тағайындауларды қалыптастыру, оның

	ішінде иммундаудан кейін туындаған қолайсыз көріністер (НППИ) туралы ақпаратты тіркеу мүмкіндігі; ● қоймадағы ағымдағы қордың болуын бақылау (осы ерекшеліктің «Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері» бөлімінің тиісті тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің есепке алу жүйесімен интеграция болған жағдайда) және тиісті баптау кезінде тағайындауды бұғаттау мүмкіндігімен дәрілік заттарға тағайындауларды қалыптастыру; ● тағайындаулар парағын қалыптастыру және басып шығару; ● күнделік жазбаларын жүргізу; ● пациенттің денсаулық көрсеткіштерін енгізу және мониторингтеу; ● ауру тарихында дәрігерге арналған температура парағын графикалық түрде көрсету; ● пациенттің режимін тіркеу және емдәм тағайындау; ● пациенттің стационардан шығуын тіркеу, оның ішінде ауру тарихының деректері негізінде шығару эпикризін автоматты түрде қалыптастыру және оған ЭЦҚ-мен қол қою мүмкіндігі; ● стационардан шыққан науқастың статистикалық картасының нысанын қалыптастыру және басып шығару. 9.3. Жүйе реанимация және қарқынды терапия бөлімшелеріне арналған мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● Жүйеде алдын ала орнатылған физиологиялық параметрлер бойынша реанимациялық бақылау картасын баптау; ● реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінің ауысымы шеңберінде реанимациялық науқасты бақылау картасын жүргізу: пациенттің денсаулық көрсеткіштері, сұйықтық теңгерімін есептеу, дәрілік заттарды, зертханалық және диагностикалық зерттеулерді, реанимациялық іс-шараларды үлгі негізінде тағайындау; ● қарқынды терапия және пациенттің жай-күйін мониторингтеу картасын қалыптастыру. 9.4. Жүйе операцияларды жүргізу үшін мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● операцияның тағайындалуы және операция алдындағы қарап-тексерулер туралы мәліметтерді жүргізу; ● операция залдарының жұмыс кестесін жасау және редакциялау; ● операциялық бригаданы құру; ● емдеуші дәрігерлер пациенттерге тағайындаған операциялар негізінде операциялық араласулар кезегін қарап шығу; ● операцияларды операция залдарының жұмыс кестесі бойынша бөлу және қайта бөлу; ● анестезия картасын жүргізу және қалыптастыру; ● жасалған операциялар туралы жазбаларды жасау және редакциялау; ● қоймадағы ағымдағы қор деректері негізінде операциялық араласу кезінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың пайдаланылғаны туралы мәліметтерді тіркеу (осы ерекшеліктің «Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері» бөлімінің тиісті тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің есепке алу жүйесімен интеграция болған жағдайда); ● жасалған операциялар бойынша есептерді қалыптастыру. 9.5. Жүйе босандыру көмегін тіркеу және жаңа туған нәресте туралы мәліметтерді жүргізу үшін мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● босану тарихын жүргізу; ● босанатын әйел мен ұрықтың физиологиялық параметрлерін бақылау нәтижелерін автоматты түрде визуализациялай отырып, босану партограммасын қалыптастыру; ● босанған әйелдің жай-күйінің негізгі көрсеткіштерін мониторингтей отырып, оны бақылау парақтарын қалыптастыру; ● жаңа туған нәрестенің даму тарихын

	жүргізу; ● жаңа туған нәрестенің вакцинациясы туралы мәліметтерді тіркеу; ● жаңа туған нәрестенің неонаталдық, аудиологиялық және офтальмологиялық скринингтері туралы мәліметтерді тіркеу; ● жаңа туған нәрестені күтімнің екінші кезеңіне ауыстыру. 9.6. Жүйе оңалту емінде қолданылатын мына шкалалар мен бағалау нәтижелерін тіркеуді қамтамасыз етеді: Бартел индексі, модификацияланған Бартел индексі, ASIA/ISNCSCI шкаласы, Рэнкин шкаласы, FIM шкаласы, Ривермид ұтқырлық индексі, Ривермидтің күнделікті өмірдегі белсенділік шкаласы, гониометрия, MACS шкаласы, Medical Research Council Paralysis шкаласы (MRS-scale), ірі моторлық функциялар шкаласы (GMFM), жүйке-психикалық даму шкаласы (туғаннан 4 жасқа дейін), бұлшықет күшін бағалау шкаласы, Берг тепе-теңдік шкаласы, Ashworth спастика шкаласы, травматологиялық және ортопедиялық науқастың белсенділігін айқындау шкаласы, Қызмет етудің, тіршілік әрекеті шектелуінің және денсаулықтың халықаралық жіктемесі (МКФ) бойынша оңалту диагнозы (түскен кезде және шығарылған кезде). 9.7. Жүйе стационардың орта медицина қызметкерлеріне арналған мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● емдеуге жатқызылған пациенттердің (төсекке орналастырылған және орналастырылмаған) тізімін бөлімшелер мен палаталар бойынша қарап шығу; ● пациенттердің бөлімшелер мен палаталар бойынша бөлінуін тіркеу; ● пациенттің емдеуші дәрігері туралы мәліметтерді тіркеу; ● бекет мейіргеріне дәрігерлік тағайындауларды орындау, пациенттердің қозғалысын есепке алу және медициналық құжаттаманы жүргізу бойынша ағымдағы тапсырмаларды көрсету; ● мейіргердің тағайындаулар мен емнің орындалуы немесе орындалмауы туралы белгі қоюы; ● мейіргердің пациенттің температура парағының деректерін жүргізуі; ● бөлімшедегі дәрілік заттардың ағымдағы қорын қарап шығу және бөлімше қоймасынан дәрілік затты іздеу (осы ерекшеліктің «Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері» бөлімінің тиісті тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің есепке алу жүйесімен интеграция болған жағдайда); ● дәрілік зат бөлімшеде қолданылған жағдайда препаратты және тағайындауды орындауға іс жүзінде жұмсалған мөлшерді көрсете отырып, дәрілік заттар тағайындауларының орындалуын тіркеу (тиісті баптау кезінде ағымдағы қор нөлге тең болса, орындауды бұғаттау мүмкіндігімен); ● дәрілік заттарды орталықтандырып сұйылту бөлімшесінен алынған препараттың қолданылуын тіркеу, тағайындауды сәйкестендіру үшін препараттың заттаңбасын сканерлеу мүмкіндігі (препаратты қолдану кезінде тағайындауды таңдау қателерін болдырмау үшін); ● трансфузия тағайындауы орындалғаннан кейін денсаулық көрсеткіштерін көрсету; ● пациенттерге тағайындалған емдәмдер негізінде күнделікті порциялық тізімдемелерді қалыптастыру. 9.8. Жүйе ас блогына арналған мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● тағайындалған емдәмдер негізінде бекеттерден келген порциялық тізімдемелерді қарап шығу; ● емдәмдер бойынша тағамдар құрастыру; ● күнделікті мәзір жасау; ● жұмсалған азық-түлікті есептеу. 9.9. Жүйе стационарлық науқастың медициналық

	құжаттарын жүргізуді мониторингтеу және сараптау үшін мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● дәрігер мен мейіргердің тапсырмаларды орындауын бақылау (диагнозды уақтылы қою, күнделік жазбаларын жүргізу, тағайындауларды орындау); ● медициналық құжаттаманы бақылауға және сараптауға жауапты қызметкерге стационардан шыққаны туралы ақпарат тіркелген пациенттердің тізімін көрсету. Осы қызметкер ауру тарихына ескертулерді тіркей алады және ауру тарихын жабуды растай алады немесе ескертуді көрсете отырып, жабудан бас тарта алады. 9.10. Жүйе дәрілік заттарды орталықтандырып сұйылту бөлімшелеріне арналған мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● дәрігерлік тағайындаулардың негізінде Жүйе автоматты түрде қалыптастырған дәрілік заттарды сұйылтуға арналған барлық талап-өтінімдерді қарап шығу және оларды тағайындалған уақыты мен дәрілік зат түрі бойынша сүзу мүмкіндігі; ● дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды беру үшін жоспарланған жеткізілімге талап-өтінімдердің барлығын немесе бір бөлігін енгізу; ● жеткізілімді жинақтау: нақты дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды көрсету, оның ішінде деректерді автоматты түрде толтыру үшін қаптаманың штрихкодын сканерлеу (осы ерекшеліктің «Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері» бөлімінің тиісті тармағына сәйкес штрихкод Тапсырыс берушінің есепке алу жүйесінен алынған жағдайда) немесе дәрілік затты қолмен таңдау мүмкіндігі; ● дәрілік заттарды қоймадан жинап, сұйылту үшін таза аймаққа беру мақсатында жеткізілімге енгізілген талап-өтінімдер негізінде Жүйе автоматты түрде есептейтін қажетті дәрілік заттар туралы есепті басып шығару; ● дәрілік затты сәйкестендіру үшін заттаңбаны басып шығару; ● дәрілік заттарды орталықтандырып сұйылту бөлімшесінің жұмысын баптау: кейін дәрілік заттардың қорын пациент жатқан клиникалық бөлімшеге автоматты түрде ауыстыру үшін орталықтандырып сұйылту бөлімшесінің қоймасын немесе қоймаларын көрсету; талап-өтінімдерді жинау кезеңін сағатпен көрсету; қоймалардан препараттар алатын клиникалық бөлімшелерді баптау; орталықтандырылып сұйылтылатын препараттарды баптау; жаңа талап-өтінімдер туралы хабарлау кезеңін көрсету; пациентке арналған дәрілік затты сұйылту параметрін көрсету; ● дәрілік заттарды олардың қозғалысының барлық кезеңінде, оның ішінде тағайындау, ОГФ-да сұйылту, ауыстыру, тағайындауларды орындау және жұмсау кезінде салыстырып тексеруге арналған цифрлық формулярды қалыптастыру. 10. Клиникалық-диагностикалық зертханаларға арналған функционалдық мүмкіндіктер 10.1. Жүйе клиникалық-диагностикалық зертхана модулінде мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: ● зертханалық зерттеулерге жолдамалар алу; ● зертханалық зерттеуге жолдаманы, соның ішінде келіп түскен материалды тіркеу; ● жолдамаларды өлшемшарттар бойынша сүзу арқылы қарап шығу; ● материалдың зертханаға жеткізілген күнін көрсету мүмкіндігімен тапсырыстарға ілеспе парақ қалыптастыру; ● пациентті сәйкестендіре отырып, тапсырыстың бірегей сәйкестендіру нөмірін беру

	және штрихкодты тағайындау мен оқу мүмкіндігі; ● пайдаланушы баптауын ескере отырып, тапсырыстың зертханаішілік нөмірін беру; ● материал түрлері бірдей бірнеше қызметті қамтитын тапсырысты қалыптастыру; ● зертханадағы жұмыс орындарын баптау және тиісті жұмыс орнына бекітілген қызметтер негізінде зерттеулерді жұмыс орындарына автоматты түрде бөлу; ● тапсырыстағы қызметті өзара алмастырылатын қызметке ауыстыру және өзара алмастырылатын қызметтер тізімінен қосымша қызметтер қосу; ● зертханалық зерттеулердің нәтижелерін қолмен енгізу және анализаторлардан нәтижелер алу мүмкіндігі; ● зерттеу параметрлеріне қарай әртүрлі типтегі нәтижелерді енгізу, «Медициналық жазба» типіндегі зерттеу параметрі үшін нәтиже үлгілерін пайдалану мүмкіндігі; ● расталмаған нәтижелерді қарап шығу, редакциялау және жою; ● зертханалық зерттеулер нәтижелерінің жарамдылығын зертхананың уәкілетті қызметкерінің растауы; ● зертханалық зерттеу нәтижелеріне ЭЦҚ-мен қол қою мүмкіндігі; ● зертханалық зерттеуге тапсырысты жіберу және қабылдау кезінде материалдың жарамдылығын бағалау және жарамсыз материалды іріктеу; ● жүргізілген зерттеудің ішінара енгізілген нәтижесін тіркеу; ● нәтижелерді басып шығару; ● жасқа, жынысқа және зерттеу параметріне қарай референттік мәндерді баптау; ● зертханалық диагностиканың талдамалық кезеңінде бақылау материалдары бойынша клиникалық зертханалық зерттеулер сапасының зертханаішілік бақылауын жүргізу (бақылау материалдарын, бақыланатын тестілерді және сапа бақылауының нәтижелерін тіркеу, бақылау деңгейлері бойынша нәтижелерді қарап шығу, Леви–Дженнингс картасын құру, қабылданған шешімдер журналын қарап шығу). 10.2. Жүйе зертханалық жабдықпен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді (зерттеуге жолдамаларды экспорттау, зерттеу нәтижелерін импорттау): ● зертханалық цифрлық жүйеге қосылу мүмкіндігі бар анализаторларды қосу ақылы негізде жекелеген қосымша келісімдермен реттеледі; ● өзара іс-қимыл интерфейсі бар анализаторларға тапсырмалар жіберу; ● анализаторлардан нәтижелерді алу және оларды тапсырыстар бойынша бөлу. 11. Қашықтан қолжетімді бағдарламалық өнімдерін пайдалану қызметтері 74 пайдаланушыға көрсетіледі, оның ішінде 23 пайдаланушы дәрігерлер санатына, 51 пайдаланушы орта медицина қызметкерлері санатына жатады. Қызмет көрсету мерзімі: 2027 жылғы қаңтар – желтоқсан.

Әлеуетті өнім берушіге оның жеңімпазы анықталған және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді)	

Приложение 16
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых услуг (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения "Акмолинский областной центр фтизиопульмонологии имени Коныратбека Курманбаева" при управлении здравоохранения Акмолинской области
Наименование организатора	Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения "Акмолинский областной центр фтизиопульмонологии имени Коныратбека Курманбаева" при управлении здравоохранения Акмолинской области
№ конкурса:	№ 18024682-1
Наименование конкурса:	Услуги по пользованию программными продуктами находящимися в удаленном доступе (КМИС). (согласно технической спецификации на 2027 год)
Номер лота:	№ 88359615-ОК1
Наименование лота:	Услуги по пользованию программными продуктами
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	620920.000.000014
Наименование услуги:	Услуги по пользованию программными продуктами
Единица измерения:	Одна услуга
Количество (объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	4252080
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	4252080
Срок оказания услуги:	с 01.01.2027 года и до 31.12.2027 года
Размер авансового платежа* *:	0 %
Гарантийный срок (в месяцах)	12

